**«Қазақ ұлттық аграрлық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы жанындағы Республикалық оқу-әдістеме кеңесі «Ауылшаруашылығы ғылымдары», «Ветеринария» және «Қызмет» мамандық топтары бойынша оқу-әдістеме бірлестігінің кезектен тыс отырысының № 1 хаттамасы**

Алматы қ.

8 қараша, 2018 ж.

**Төраға** - РОӘК ОӘБ-нің төрағасы, «ҚазҰАУ» КЕАҚ Басқарма төрағасы-Ректор, академик Т. Есполов.
**Хатшы** - РОӘК ОӘБ-нің ғалым хатшысы, Ж. Жумагулов.
**Қатысқандар:** 42 адам (Қатысу парағы қосымша келтірілген)

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 12 қазандағы №562 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің Республикалық оқу-әдістемелік кеңесін және кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктер құру және олардың қызметтері ережесі туралы» бұйрығына сәйкес Қазақ ұлттық аграрлық университеті жанындағы оқу-әдістемелік бірлестік қызметін қайта ұйымдастыру мәселелері (*Баяндамашы: Қалыкова Б. - Оқу және оқу-әдістемелік жұмстар жөніндегі проректоры*).

2. Магистратураға қабылдау үшін өткізілетін кешенді тестілеудің бейіндік пәндер тізімі жобасы мен олардың тест спецификациясының тақырыптарын бекіту (*Баяндамашы: Ж. Жумагулов - РОӘК ОӘБ-нің ғалым хатшысы*).

3. Түрлі мәселелер

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Б.Калыкова, ҚР БжҒМ «Ауылшаруашылығы ғылымдары», «Ветеринария» және «Қызмет» мамандық топтары бойынша РОӘК ОӘБ құрамының мүшесі, оқу және оқу-әдістемелік жұмыстары жөніндегі проректор. Ол жоғары білім жүйесінде әлемдік деңгейде және еліміздегі болып жатқан өзгерістерге тоқталып өтті. Жоғары білім саласын басқаруда Республикалық оқу-әдістемелік кеңес және кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктер өз қызметін жаңа талаптарға сай қайта құруда. Ол Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 12 қазандағы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің құрамымен және кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктері құрылғандығы және олардың қызметтері ережесі туралы» №562 бұйрығын іске асырудағы университет алдында келелі мәселелерді атады. Жаңа өзгерістерге сәйкес университет жанындағы оқу-әдістемелік бірлестік 6В08-7М08-8D08 – Ауыл шаруашылығы және биоресурстар бағытындағы білім саласын қамтиды. Оқу-әдістемелік бірлестікке жалпы саны 7 дайындау бағыты: 081 – Өсімдік шаруашылығы, 082 – Мал шаруашылығы, 083 – Орман шаруашылығы, 084 – Балық шаруашылығы, 085 – Жерге орналастыру, 086 – Су ресурстары және суды пайдалану, 091 – Ветеринария мамандығы енгізілген. Қарастырылып отырған

бұйрықтың және оқу ісінің сапапалық тұрғыдан қойылып отырған жаңа талаптарға сәйкес оқу-әдістемелік бірлестік құрамын және жұмыстық ережесін қайта құрып бекітуді ұсынды.

**СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:**

С.Бекбосынов, «Аграрлық техника және технология» кафедрасының меңгерушісі, қауымдастырылған профессор. Қарастырылып отырған мәселенің маңыздылығын, жаңа жағдайда мамандар даярлауда әлемдік тәжірибелерді қолдануға кең жол ашатындығын атады. ҚР БҒМ ұсынып отырған 2018 жылдың 13 қазанындағы бекіткен Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кадрларды даярлау бағыттары бойынша №569 бұйрымен бекіткен Классификаторға сәйкес «Аграрлық техника және технология» және «Ауылшаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету» мамандықтары 071-«Инженерия және инженерлік іс» дайындау бағытына кіргізілген. Өздеріңізге белгілі осы екі мамандықтар мазмұны ауыл шаруашылығы өндірісімен етене байланысты сипатта. Ауыл шаруашылығы өндірісіндегі технологияларды, ауыл шаруашылығы дақылдарының, малының биологиялық ерекшеліктерін меңгермеген ауыл шаруашылығы өндірісінде техникаларды пайдалану, оны энергиямен қамтамасыздандыру ісін маман ретінде іске асыра алмайды. Сондықтан да осы салалар бойынша ғалым-ұстаздардың, ауыл шаруашылығы өндірісі иелерінің ұсыныстарын және ТМД елдер жоғары оқу орындарының тәжірибелерін ескере отырып, қарастырылып отырған бұйрықтың 2-қосымшасындағы 071-«Инженерия және инженерлік іс» даярлау бағытына университетте қалыптасқан мол тәжірибені ескере отырып, Қазақ ұлттық аграрлық университетін «Аграрлық техника және технология» және «Ауылшаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету» мамандықтары бойынша оқу-әдістемелік бірлестік болып қабылдануын ұсынды.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің Республикалық оқу-әдістемелік кеңесін және кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктер құру және олардың қызметтері ережесі туралы 2018 жылғы 12 қазандағы №562 бұйрығы көрсетілген мерзімде іске асырылсын.
2. ҚР БҒМ 2018 жылғы 12 қазандағы №562 бұйрығына сәйкес «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» оқу-әдістемелік бірлестігі құрылып, оның жаңа құрамы бекітілсін (Орындаушы: РОӘК ОӘБ-нің ғалым хатшысы, Ж. Жумагулов).
3. «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» оқу-әдістемелік бірлестігінің ережесі жасалып, бекітілсін (Орындаушы: РОӘК ОӘБ-нің ғалым хатшысы, Ж. Жумагулов).
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің және Республикалық оқу-әдістемелік кеңес алдында Қазақ ұлттық аграрлық университеттін «Аграрлық техника және технология» және «Ауылшаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету» мамандықтары бойынша оқу-әдістемелік бірлестік болып тағайындау ұсынылсын.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Ж.Жумагулов, оқу-әдістемелік бірлестіктің ғалым хатшысы. ҚР БҒМ-ның Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің директоры А.

Тойбаевтың 2018-жылдың 5-қарашадағы №14-3/1167 хатымен таныстырды. Хатта оқу-әдістемелік бірлестіктердің ұсыныстарына сәйкес магистратура деңгейінде оқуға қабылдау бойынша кешенді тестілеу мақсатындағы бейіндік пәндер тізімінің жобасы құрылған. Хатта келтірілген өтініш бойынша осы жобаны қайта қарау ұсынылған. Хат талаптарын орындау бойынша хатта келтірілген мәселелер магистратура деңгейінде сабақ жүргізілетін кафедралар ұжымында, оқу-әдістемелік кеңесі мүшелерінен құрылған сараптау тобында талқыланды. Ол әр мамандық бағыттары бойынша қабылданған ұсыныстар түріндегі шешімдерді атады. Оқу-әдістемелік бірлестік мүшелерінен магистратура деңгейінде оқуға қабылдау бойынша кешенді тестілеу мақсатындағы бейіндік пәндер тізімінің жобасын ұсынылған түрде қабылдануын өтінді.

**СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:**

А.Омбаев «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» кафедрасының меңгерушісі, профессор. «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» кафедрасы жауапты 6М080200-«Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша магистратураға қабылдау кезінде кешенді тест тапсыру үшін ұсынылған жобада көрсетілген «Жануарлар биотехнологиясы» - 2 кредиттік пәнді «Мал азықтандыру» - 4 кредиттік базалық пәніне ауыстыруды ұсынды. Осы пән магистратуралық деңгейге талапкердің келешек мамандығына алдыңғы дайындық пәні болып табылады.

М.Жетпейсов «Машина пайдалану» кафедрасының меңгерушісі, қауымдастырылған профессор. 6М080600-«Аграрлық техника және технология» мамандығы бойынша магистратураға түсу үшін кәсіптік пәндер тізімі жобасындағы «Машина пайдалану» - 2 кредиттік кәсіптік пәнін «Тракторлар мен автомобильдер» - 3 кредиттік базалық пәніне ауыстыруды ұсынды.

**ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:**

ҚР БҒМ-ның 2018-жылдың 5-қарашадағы №14-3/1167 хатына сәйкес магистратура деңгейінде оқуға қабылдау бойынша кешенді тестілеу мақсатындағы бейіндік пәндер тізімінің жобасы мен олардың тест спецификациясының тақырыптарын қабылдансын (1, 2 қосымшалар).

**РОӘК ОӘБ төраға орынбасары, бірінші проректор** — **К.Тиреуов**

**Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстары жөніндегі проректор** — **Б. Калыкова**

**РОӘК ОӘБ Ғалым хатшысы** — **Ж. Жумагулов**

1 косымша

**Перечень дисциплин для поступления в магистратуру от РУМС УМО при Казахского национального аграного университета**

| Код и классификация области образования | Код направлений подготовки | Код и классификация направлений подготовки | Код в Международной стандартной классификации образования | Группы образовательных программ | 1 - дисциплина | Цикл | 2 - дисциплина | Цикл | РУМС | Код специальности по Классификатору-2009 | Наименования специальностей по Классификатору-2009 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 6B07 Инженерные, обрабатывающие и строительные отрасли | 6B071 | Инженерия и инженерное дело | 710 | Автотранспортные средства | Тракторы и автомобили | БП | Агротехнологические машины животноводства | ПД | КазНАУ | 6М080600 | Аграрная техника и технологии |
| 6B08 Сельское хозяйство и биоресурсы | 6B081 | Растениеводство | 812 | Растениеводство | Растениеводство | БД | Почвоведение | ПД | КазНАУ | 6М080100 | Агрономия |
| | | | | | | | | | КазНАУ | 6М080800 | Почвоведение и агрохимия |
| | | | | | | | | | КазНАУ | 6М080900 | Плодоовощеводство |
| | | | | | | | | | КазНАУ | 6М081100 | Защита и карантин растений |
| | 6B082 | Животноводство | 811 | Животноводство | Кормление сельскохозяйственных животных | БД | Технология производства продукции животноводства | ПД | КазНАУ | 6М080200 | Технология производства продуктов животноводства |
| | 6B083 | Лесное хозяйство | 821 | Лесное хозяйство | Лесные культуры | ПД | Биотехния и дичеразведение | ПД | КазНАУ | 6М080300 | Охотоведение и звероводство |
| | | | | | | | | | КазНАУ | 6М080700 | Лесные ресурсы и лесоводство |
| | 6B084 | Рыбное хозяйство | 811 | Рыбное хозяйство | Рыболовство | ПД | Аквакультура | ПД | КазНАУ | 6М080400 | Рыбное хозяйство и промышленное рыболовство |
| | 6B085 | Землеустройство | 731 | Землеустройство | Геодезия | БД | Управление земельными ресурсами | БД | КазНАУ | 6М090300 | Землеустройство |
| | | | | | | БД | | БД | КазНАУ | 6М090700 | Кадастр |
| | 6B086 | Водные ресурсы и водопользования | 522 | Водные ресурсы и водопользования | Гидравлика | БД | Комплексное использование водных ресурсов | БД | КазНАУ | 6М080500 | Водные ресурсы и водопользование |
| | | | | | | Электив | | Электив | КазНАУ | 6М081000 | Мелиорация, рекультивация и охрана земель |
| 6B09 Ветеринария | 6B091 | Ветеринария | 841 | Ветеринария | Патология животных | БД | Эпизоотология и инфекционные болезни | ПД | КазНАУ | 6М120100 | Ветеринарная медицина |
| | | | | | | | | | КазНАУ | 6М120200 | Ветеринарная санитария |

**Ученый секретарь РУМС УМО при КазНАУ** [signature] **Ж. Жумагулов**